

# Қарттарым – ақтың қазынам

«Бала өсіргің келсе, дана жүректі қатты ұста, үйрет білім, ізетті», - деп Әбу Насыр әл-Фараби айтпақшы, аталардан қалған ұлағатты ғибрат аларлық сөздерді балаларға халықтың асыл қазынасы саналатын қарттарымыз жас ұрпақтарға үйретіп, айтып, санасына сіңірейік. Әр ұлттың өзіндік ерекшеліктері, салт-дәстүрі, тілі, ұлттық мәдениеті болатыны белгілі. Біздің тәрбиеміз де ананың ақ сүтінен, ана әлдиінен және атаның қасиетті, баталы сөздерінен бастау алады. Халқымыздың әдет-ғұрпын, дәстүрін, тарихын біліп, оны қастерлеп, бүгінгіміз бен келешегіміздің нәрлі қайнарына айналдыру – әрқайсымыздың азаматтық борышымыз.

Қазақтар «Төріңнен қарт кетпесін» деп тілеген халық. Жасы үлкенге құрмет ету, қарттың бүгілген беліне сүйеу болу – біздің ата дәстүріміз. Ананың ақ сүтін, әкенің адал күшін ақтау – өз болашағыңды сақтау. Өмір оты ерте өшірілмесе, адам баласының қартаюы табиғи заңдылық. Қарттардың тілегі – ел амандығы, жұрт тыныштығы. Олар бүгінгісің ғана ойламайды, өткен өмір жолын зерделеп, алдын болжауға тырысады. Қарттар – кісіліктің төресі.

Қарттар күні мерекесіне орай Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің Биология және Биотехнология факультетінің молекулалық биология және генетика кафедрасында жыл сайын

дәстүрге айналған мереке бар. Ол бір кездері ұстаз болған, қазіргі кезде зейнет жасындағы ақсақалдарды шақырып арнайы студенттермен бірге кеш өткізу. Ондағы мақсат сол кісілердің ерен еңбегін жастарға паш ету, ұрпақтар сабақтастығын жалғастыру. Кешке келген қарттар өздерінің жастық шақтарының бір күнін еске алғандай болса, студенттерде қарттардың айтқан мейірімге толы әңгімелеріне және берген баталарына рыза болып тарқасады.

Бүгінгі таңда жылдам дамып, сәт сайын өзгеріп отырған қоғамда қордаланып қалған, күрмеуі қиын мәселелер көп. Сонымен қатар, жастардың алдына да қойылып отырған мақсат-міндеттер аз емес.

Тығырықтан шығудың жалғыз жолы – білімді ұрпақ. Бүгінгі жастардың бақытына орай, бізде тегін білім алып, ғылыммен шұғылданып, идея бөлісіп, оны жүзеге асыруға толық мүмкіндік жасалған. Жақсы білім шексіз мүмкіндіктер ашады. Оның үстіне бұл мәселе бойынша қазақстандықтардың мүмкіндігі шексіз екенін білу көңілге қуаныш ұялатады. Әрине ол үшін күш салу керек деп жастарға ақыл кеңестерін берді. Қазіргі кезде біздің мемлекетімізде қарттарға үлкен мән беріп, көңіл аударып, жан-жақты үкімет тарапынан қамқорлық жасалуда. Қазақстанның өсіп-өркендеуіне, еліміздің бейбітшілік тыныш өмір кешуіне өз үлестерін қосқан осы ардақты да аяулы

қарттарымыздың арқасы деп есептейміз. Олардың өмір жолдары бүгінгі ұрпаққа табылмас қазына.

Орыс жазушысы Лев Толстойдың «Қарт пен немере» мысалы естеріңде ме? Бір үйде төрт адам. Ата, бала, келін, немере. Кәрі кісі тәрелкені сындырып алады деп, келіні атасына тамақты темір табақпен береді. Бір күні шалдың немересі ағаш жопты.

Әке-шешесі:  
-Балам, не істеп отырсың? - деп сұрайды.

- Ертең сендер қартайып, атам сияқты болғанда тамақ ішетін ағаш астау жасап отырмын, – депті баласы. «Атаңа не қылсаң, алдыңа сол келеді» деген сөз бар. Өсіп келе жатқан жастарға тәрбие берудің бірден бір қайнар көзі осындай кештер жалғасын таба берсе, нұр үстіне нұр болар еді. Қарттары бар ел - бақытты ел деп ойлаймыз.

**Ж.ЧУНЕТОВА,  
А.САРСЕНБАЕВА,  
Әл-Фараби атындағы  
Қазақ Ұлттық  
Университетінің  
Биология және  
биотехнология  
факультетінің  
оқытушылары, Б.ғ.к.,  
доценті Чунетаева Ж.Ж.  
және Сербаетова А.А.**

# Көшбасшы жастар – ел болашағы

Көшбасшы жастар – олар белгілі бір топпен жұмыс істей алатын, алдыға қойған мақсаты бар, жанындағы адамдардың пікірімен санаса білетін, қоғамда өзіндік бір орын алатын, көпшілікпен жұмыс істей білетін, мәселенің дұрыс шешімін табатын, пікір мен ойды қорытындылап, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін шығаратын жандар.

Көшбасшылық (лидер) - кез келген адамнан табыла бермейтін, ерекше дарын, қасиет десе де болады. Бойынан осындай ерекше қабілет байқалатын адам көпшіліктің назарын өзіне қаратып, нұсқаушы болып, диттеген мақсатына жетелеуге бағыттайды. Тәуелсіздік алғаннан бері көшбасшы жастарымыз мемлекет назарынан тыс қалған емес. Еліміздегі жастар арасындағы көшбасшылықты дамытуға мемлекет көптеген іс-шаралар жүргізуде. Мәселен, әр түрлі деңгейдегі жобалар, форумдар, кездесулер, кештер, бағдарламалар, интеллектуалдық ойындар, дебат және т.б. Қазіргі таңда Қазақстанның болашағының дамуы, осындай көшбасшы жастарымызға тікелей байланысты. Ал, нағыз патриоттар мен көшбасшы жастар тәрбиелеу ел келешегінің кепілі. Елмен бірге көштің басында жүріп, мемлекеттің өсіп-өркендеуіне, Қазақстанның жарқын болашағы үшін күресуге білімді жастардың рөлі зор болмақ. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев: «Мемлекетіміздің келешегі – өздеріңіз! Біз білімді әрі бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу ісіне айрықша мән беріп отырмыз, жастарымыздың жан-жақты дамуына жағдай жасау – менің Президент ретіндегі басты міндеттерімнің бірі», - деп, жастарға зор сенім артып отырғанын жеткізді. Ендеше, жаңа Қазақстанның мықты болашағы ХХІ ғасыр көшбасшы жастарының қолында.

**А.БЕЙСЕНОВА,  
Қамысқала ауылдық округінің жастар  
ісі жөніндегі әдіскер-  
нұсқаушысы.**

# Оқыту үрдісіндегі үш тілділік мәселесі

Әлемнің озық дамыған елдерінің қатарына енуге ұмтылған Қазақстанның ғылым мен индустрияны дамыту мақсатында басқа елдерден қалып қоймауы өте маңызды мәселелердің бірі. Бұл ретте, биология ғылымы бағытында білім алатын студенттерге, сонымен қатар, болашақ генетиктерге ағылшын тілінде білім беру – жаңа мағлұмат-деректерге қолжетімділікті қамтамасыз етеді. Үш тілді білім беру тұжырымдамасы бүгінгі таңда үш тілді білу бүкіл халықаралық кеңістікте жоғары білікті және бәсекеге қабілетті маман болуға мүмкіндік беретініне негізделген; кәсіби және мәдениетаралық қарым-қатынас деңгейін арттыруға мүмкіндік береді. Қазақстандағы тіл саясаты – Қазақстанның әлемдік қауымдастыққа кірігу жолы. Бүгінгі таңда қазақ қоғамы қазақстандықтардың қазақ, орыс және ағылшын тілдерін дамытуға бағытталған үштілділік саясатын жүргізуде. Үштілділік саясаты ана тілін ұмытуды талап етпейді, керісінше қазақ тілін бірінші орынға көтереді.

Қазақстан жағдайында үш тілділік типологиялық тұрғыдан ерекшеленеді, әртүрлі тілдік топтарға және де түрлі жазу жүйесіне жататындықтан

(кирилл және латын), қарастырылған елдермен салыстырғанда, біздің елге үш тілді білім беруді енгізу қиындайды. Дегенмен Қазақстанда ұлттық мәдениеттердің өзара әрекеттестігі мен өзара байытылуының бірегей тәжірибесі қалыптасқан. Мәдени және діни өзара іс-қимылдың бірегей институты – Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылды, ол Қазақстан Республикасы Парламентінің заң шығару қызметіне тікелей қатысу мүмкіндігін алғаны белгілі. Қазақстан Республикасында мемлекет халықтарының тіл байлығын дамытуға әрқашан ерекше қамқорлық пен көңіл бөлінуде, оның қазіргі қоғам дамуындағы рөлі аса зор екендігі ұғынылады.

2018 жылғы 27 сәуірдегі сол кездегі Білім және Ғылым министрі Ерлан Сағадиевтің баяндамасында, жоғары оқу орындарының негізгі басымдықтары қатарында бірқатар техникалық мамандықтардың оқыту тілі ретінде ағылшын тіліне кезең-кезеңімен көшіру керек екенін атап өтті. 2017-2018 оқу жылынан бастап, жаратылыстану-ғылыми

бағытының 4 мамандығы бойынша педагог мамандарды даярлайтын 15 базалық ЖОО ағылшын тілінде білім беруге көшті. Қазіргі уақытта 17 ЖОО биология, химия, физика және информатика пәндерін ағылшын тілінде оқытатын педагог кадрларды даярлайды. Үш тілде білім беруді одан әрі енгізу ғылыми-әдістемелік базаны терминологияны біріздендіру тұрғысынан дамытуды талап етеді.

Көптілділік Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігін нығайтуға ықпал етеді. Үлкен жаһандық әлемнің ауқымды ақпарат ағынына және инновацияларына жол ашады. Әлемнің ең үздік оқу орындарында білім алып, алдыңғы қатардағы мемлекеттерден практикалық тәжірибе алуға мүмкіндік береді.

Үш тілді білім беру мәселесі – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің алдында тұрған көкейтесті мәселелердің бірі, себебі, интернационалданбаған білім беру мемлекет тарапынан ұлттық, саяси, әлеуметтік және экономикалық мәселелерді шешетін басты объект ретінде қарастырылады.

Сондай ақ, қазіргі таңда біздің Биология және биотехнология факультетінің білім беру саласында көптілді білім беру жүйесі бойынша білім беру бағдарламаларын енгізуге кірісіп кетті. Факультетіміздің профессор-оқытушылар құрамы өз іс-тәжірибелерінде студенттердің интеллектуалдық қабілетіне түрткі болатын әр-түрлі технологияны қолдана отырып кураторлық сағаттарды үш тілде жүргізудің тиімділігін көрсетуде.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінде Генетика мамандығы бойынша үш сатылы білім бағдарламасы жасалған. Бұл білім бағдарламалары бойынша жүйелі түрде бакалавр деңгейінде, магистратура, PhD докторантурада үш тілде (қазақ, орыс, ағылшын) мамандар дайындалады. Аталған оқу орны мемлекетімізде бұл сала мамандарын даярлайтын жалғыз оқу орны болып табылады.

Генетика - қазіргі ғылымның маңызды бағыттарының бірі. Генетикалық зерттеулер медицинаның одан әрі дамуы мен тірі материяның эволюциялық меха-

низмдерін білу үшін өте маңызды. Мұндай жұмыстарды мемлекеттік құрылымдар мен жеке корпорациялар жақсы қаржыландырады. Көптеген ғылыми орталықтар талантты генетиктерді іздейді және оларға тамаша жұмыс жағдайларын ұсынады. Мамандыққа деген сұраныс жоғары, ал болашақта оның қажеттілігі артады. Бағдарлама жалпы және молекулалық генетика саласындағы теориялық білімдері бар, практикалық генетика саласында, генетикалық мониторингке, генетикалық зерттеулердің деректер қорына және көпфакторлы статистикалық бағдарламалық әдістерге ие болатын; генетика, биология, биомедицина, биотехнология, экология, криминалистика, гендік қорды сақтау және есепке алу және Генетик маманның білімі мен дағдыларын талап ететін кәсіби қызметтің басқа салаларында тәжірибелі міндеттерді орындауға қабілетті маманды даярлауға бағытталған.

**Әл-Фараби атындағы  
ҚазҰУ Молекулалық  
биология және  
генетика кафедрасының  
аға оқытушысы Алтыбаева  
Н.А., доцент Чунетова Ж.Ж.,  
доцент Тайпакова С.М.**